

«Ломбард Сандық» ЖШС  
қатысушының жалпы  
жиналысының хаттамасы № 2/1  
БЕКІТІЛДІ  
«7» ақпан 2025ж.



«ЛОМБАРД САНДЫҚ»

ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІНІҢ  
МИКРОКРЕДИТТЕРДІ ҰСЫНУ  
ЕРЕЖЕСІ

Қарағанды қ., 2025ж.

## Мазмұны:

1. Жалпы ережелер	3
2. Микрокредитті ұсынуға өтініш берудің және оны қарастырудың тәртібі	3
3. Микрокредитті ұсыну туралы шарт жасасудың тәртібі	5
4. Ұсынылатын микрокредит бойынша сыйақы мөлшерлемесінің шекті шамасы	6
5. Берілген микрокредиттер бойынша сыйақы төлеу тәртібі	7
6. Ломбардпен қабылданған қамтамасыз етуге қойылатын талаптар	8
7. Берілген микрокредиттер бойынша сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесін есептеу қағидалары	9
8. Микрокредитті өтеу әдістері	10
9. Кепіл затын қайтару тәртібі	11
10. Құпиялылық	11
11. Қорытынды ережелер	12
№ 1 Қосымша	13

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Микрокредиттерді ұсынудың осы ережелері (бұдан әрі – Ережелер) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде (бұдан әрі – ҚР АҚ) Қазақстан Республикасының «Микроқаржы қызметі туралы» Заңына (бұдан әрі – Заң), Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ «Ломбард Сандық» ЖШС-ның ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді.

2. Осы Ережелерде мынадай терминдер мен ұғымдар пайдаланылады:

- 1) Ломбард – «Ломбард Сандық» жауапкершілігі шектеулі серіктестік;
- 2) Өтініш беруші – Ломбардқа микрокредит алу мақсатында жүгінген жеке тұлға;
- 3) Клиент, Қарыз алушы – Ломбардпен микрокредит (Кепілдік билетін) беру туралы Шарт жасасқан жеке тұлға;
- 4) Микрокредит – Ломбардпен Клиентке Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Ломбардтың ішкі нормативтік құжаттарымен белгіленген мөлшерде және тәртіппен Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында, ақылылық, мерзімділік және қайтарымдылық шарттарымен берілетін ақша;
- 5) Кепілдік билеті – микрокредит беру туралы шарт және Ломбардтың Өтініш берушімен, Клиентпен қысқа мерзімді микрокредит ұсынған кезде, кепіл нысанасы туралы мәліметтерді және микрокредит беру талаптары туралы жасалатын шарт; микрокредит беру туралы шарттың стандартты талаптарына қосылу туралы өтініш.
- 6) Кепілдік мерзімі – микрокредитті өтеу күн мерзімі өткеннен кейін күнтізбелік 30 (отыз) күн мерзімі, оның ішінде Ломбард кепіл мүлкіне және/немесе оны іске асырылуын өндіріп алуға құқығы жоқ.
- 7) Уәкілетті орган — ҚР қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі.

3. Осы Ереже жеке пайдалануға арналған жеке тұлғалардың жылжымалы мүлкін кепілге алумен Ломбардтың қысқа мерзімді микрокредиттер беруінің шарттарын және тәртібін айқындайды, сондай-ақ олардың өтеу және сыйақы төлеу талаптарын орындауды қамтамасыз ету міндеттемелерін, берілген микрокредиттер бойынша, Ломбардтың және оның Клиенттерінің және т.б. құқықтары мен міндеттері бойынша құжаттама жүргізу тәртібін айқындайды.

4. Осы Ережелер ашық ақпарат болып табылады және коммерциялық құпияның нысаны бола алмайды. Ломбард осы Ережелерді Клиентке оның бірінші талабы бойынша танысу үшін беруге міндетті. Микрокредит беру туралы ережесінің көшірмесі Ломбард Клиенттерінің көруі үшін қолжетімді жерде және оның филиалдары мен қабылдау пункттерінде орналастырылады.

5. Микрокредиттер беру мерзімділік, қайтарымдылық, ақылылық, қамтамасыз ету шарттарында және микрокредит беру туралы шартта (кепіл билімен) айқындалатын басқа да шарттарда ҚР ұлттық валютасында жүзеге асырылады.

6. Қысқа мерзімді микрокредит тек 18 жасқа толған, ақыл-есі түзу адамға ғана немесе Қазақстан Республикасы АҚ-нің 17 бабы 2 тармағы бойынша әрекет қабілеттілігі толық көлемде еңделген негіздер бойынша жеке басын куәландыратын мынадай құжаттардың бірін:

- \* Қазақстан Республикасы азаматының төлқұжатын;
- \* Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігін;
- \* шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхатын;
- \* азаматтығы жоқ адамның куәлігін;
- \* шет мемлекет азаматының төлқұжатын ұсынған кезде берілуі мүмкін.

6-1. Ломбардтың микрокредиттер беруі микроқаржы қызметін жүзеге асыруға лицензия алғаннан кейін жүзеге асырылады.

## 2. МИКРОКРЕДИТТІ ҰСЫНУҒА ӨТІНІШ БЕРУДІҢ ЖӘНЕ ОНЫ ҚАРАСТЫРУДЫҢ ТӘРТІБІ

7. Микрокредит алу мақсатында Өтініш беруші Ломбардтың филиалдары мен қабылдау пункттеріне өзі туралы, микрокредиттің мөлшері және өз міндеттемелерінің орындалуын кепілмен қамтамасыз ету ретінде ұсынуды жоспарлап отырған мүлік туралы мәліметтерді (№1 қосымша) тапсырып және/немесе ұсына отырып жүгінеді..

8. Ломбард қызметкері өтініш берушіні микрокредиттің негізгі шарттарымен, микрокредитті беру кестелерінің жобаларымен, әртүрлі әдістермен есептелген, микрокредитті беру процесімен, микрокредитті алуға байланысты құқықтар мен міндеттермен, микрокредитті алуға, қызмет ретуге және өтеуге (қайтаруға) байланысты төлемдердің мөлшері мен түрлерімен, микрокредитті

беру туралы шарт бойынша міндеттемелер орындалмаған жағдайда ықтимал салдарлар туралы таныстырады.

9. Егер Өтініш беруші кредит берудің шарттарымен келісетін болса, онда Ломбардқа:

- 1) жеке басын анықтайтын құжатын;
- 2) кепілдікті қамтамасыз ету ретінде ұсынылатын жылжымалы мүлікті;
- 3) мүлікке меншік құқығы бар (егер бар болса) екендігін растайтын құжатын ұсынады;
- 4) республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген 1 000 айлық есептік

көрсеткішке тең немесе одан жоғары микрокредит беру кезінде жұбайының/зайыбының келісімі;

5) тіркелген және/немесе тұрғылықты жері туралы ақпарат пен мәліметтер

Ұсынылатын ақпарат пен құжаттар шынайы болулары тиіс.

10. Өтініш берушінің кепілдікті қамтамасыз ету ретінде ұсынылатын жылжымалы мүлікті

алғаннан кейін, Ломбард қызметкері оны қарап шығады және бағалайды.

1) Бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған зергерлік бұйымдарды бағалау және микрокредиттің мөлшерін айқындау Ломбардтың уәкілетті органдары белгілейтін және бекітетін бұйрықтарға және өзге де ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес жүргізіледі. Бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған зергерлік бұйымдар міндетті түрде химиялық реактивтермен, детекторлармен, спектрометрлермен сыналады. Бұл ретте, зергерлік бұйымдағы алтын сынамасының тиісті сынаманың химиялық реактивіне (төмен сынамалы зергерлік бұйым) сәйкес келмеуі нәтижесінде жалпы зергерлік бұйым немесе оның элементтері, бөліктері бұзылған жағдайда, Ломбард жауапты болмайды, ал Қарыз алушының қандай да бір наразылықтары болмайды. Атауы және/немесе сынамасы болмаған және / немесе өнімнің ерекшелігін көрсететін белгілердің, жөндеудің болуы кезінде, Ломбард қызметкері өтініш берушінің келісімін алғаннан кейін бұйымға механикалық әсер етуі (мысалы, аралау) не бұйымның сапалық және/немесе сандық сипаттамаларын тексерудің өзге де әдістерін қолдануы мүмкін. Өтініш беруші сынақтан өткізуден және/немесе механикалық әсерден және/немесе тексерудің өзге де әдісінен бас тартқан жағдайда зергерлік бұйымдар кепілге қабылдануға жатпайды. Жалған сынамалар мен контрафактілік сынамалық таңбаларды анықтау фактілеріне байланысты кепіл билетінде өтініш берушінің мүлкін сипаттау кезінде зергерлік бұйымды қарау және бағалау нәтижесінде Ломбард қызметкері айқындайтын сынама және өзге де сипаттамалар көрсетіледі. Зергерлік бұйымдар түріндегі кепіл мүлкін тексеру және бағалау жүргізілгеннен кейін Ломбард қызметкері Ломбардтың ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес микрокредиттің мөлшерін, сондай - ақ қамтамасыз ету сомасын - кепіл мүлкімен қамтамасыз етілуі мүмкін микрокредиттің шекті сомасын айқындайды;

2) Кепілге берілетін өзге де мүлікті бағалау, Ломбардтың және Өтініш берушінің осы тектес және сапасы сондай заттар әдетте саудада белгіленетін оны кепілге қабылдау уақытында және орында нарықтық бағаларға сәйкес келісімі бойынша жүргізіледі. Ломбардтың уәкілетті органының ішкі құжатымен өзге де мүлікпен кепілге берілетін микрокредиттің ең жоғары сомасы белгіленуі мүмкін;

3) кепіл мүлкін бағалау кезінде Ломбард қызметкері кепіл мүлкінің сапалық және сандық сипаттамаларын, оның өтімділігін, сондай-ақ Ломбардтың ішкі нормативтік құжаттарының талаптары мен шарттарын ескереді.

Кепілдік қамтамасыз ету мүлкін тексеру, өлшеу, сандық және сапалық сипаттамаларын анықтау бойынша бағалаудың барлық операциялары Өтініш берушінің қатысуымен жүргізіледі.

Кепіл заты Ломбардқа тиесілі.

11. Өтініш беруші микрокредит (Кепілдік билетін) беру туралы шартты жасаудан бас тартуға құқылы.

12. Өтініш берушінің микрокредит (Кепілдік билет) беру туралы өтінішін қарау, Ломбардты Шарт жасасуға міндеттемейді.

13. Өтінішті қарау нәтижелері бойынша кез келген мынадай негіздер болған кезде, Ломбард микрокредит беруден:

- 1) Өтініш берушімен ұсынылған ақпарат дәйекті болмай немесе толық емес болып табылса;
- 2) Өтініш берушінің Ломбард алдында бұрын берілген микрокредиттің өтелмеген берешегі (оның ішінде Өтініш беруші микрокредитке қайта өтініш берген кезде, микрокредиттер бойынша қайтару мерзімінің өтуі басталмаған берешектер үшін) болуы;
- 3) қажетті құжаттар ұсынылмаған жағдайда;
- 4) микрокредитке кепілдік қамтамасыз етудің, сұрау салынатын сомасында сәйкес еместігі;
- 5) Қазақстан Республикасының, «Қылмыстық жолмен алынған және терроризмді

қаржыландыру кірістерін заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы» Заңында көзделген жағдайларда;

6) республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген 1 000 айлық есептік көрсеткішке тең немесе одан жоғары мөлшерде микрокредит беру кезінде жұбайының/зайыбының келісімінің болмауы;

7) тағы басқа жағдайларда бас тартуға құқылы.

14. Ломбард қызметкері кепілмен қамтамасыз етуді тексеру және бағалау, Ломбардтың ішкі актілеріне (микрокредит беру нормативтері, стандарттары, бұйрықтар) сәйкес микрокредиттің шарттарын айқындау және келісу рәсімдері аяқталғаннан кейін Өтініш берушіге Ломбард мақұлдаған микрокредиттің мөлшері мен мерзімін, сондай-ақ қамтамасыз ету сомасын хабарлайды. Микрокредиттің мақұлданған мөлшері мен мерзімі Өтініш берушінің сұраған мөлшері мен мерзіміне сәйкес келмеуі мүмкін. Өтініш беруші микрокредит беру шарттарымен келіскен жағдайда, Ломбард өтініш берушімен микрокредит беру туралы шарт (кепіл билеті) жасасады.

14-1. Микрокредит беруге арналған өтінішке қол қоя отырып, өтініш беруші осы Қағидалармен, микрокредит беру шарттарымен, микрокредит беру бойынша Ломбард тарифтері туралы, кепіл билетінің талаптары туралы, микрокредит беру туралы шарттың стандартты талаптары туралы, микрокредитті алуға, қызмет көрсетуге және өтеуге (қайтаруға) байланысты төлемдер туралы, оның ішінде микрокредит, сыйақы және тұрақсыздық айыбы сомасын төлеу тәртібі мен шарттары туралы, өтініш берушінің, Қарыз алушының, ломбардтың құқықтары, міндеттері, жауапкершілігі туралы, микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған жағдайда ықтимал салдарлар туралы және микрокредит берудің тәртібі мен шарттары туралы өзге де мәліметтер туралы танысқанын және келісетінін растайды, Өтініш беруші оның әрекет қабілеттілігінен айырылмағанын және шектелмегенін, қорғаншылықта, қамқоршылықта және патронажда тұрмағанын, өтініштің мәні мен мән-жайларын түсінуге кедергі келтіретін аурулардан зардап шекпейтінін растайды.

### 3. МИКРОКРЕДИТ БЕРУ ТУРАЛЫ ШАРТТЫ ЖАСАСУ ТӘРТІБІ

15. Микрокредит беру туралы Шарттың жасасу туралы Өтініш берушінің Келісімін алғаннан кейін, Ломбард Өтініш берушіні микрокредит берудің тәртібімен, шарттарымен және қағидаларымен таныстырады, сондай-ақ Өтініш берушінің микрокредит беру туралы Шарт жасасуға байланысты құқықтар мен міндеттерін түсіндіреді. Өтініш берушіні микрокредит беру туралы Шарттың талаптары туралы және Ломбардтың бастамасы бойынша оны беру тәртібінде өзгерістер болуы мүмкіндігі туралы хабардар етеді. Өтініш берушіні микрокредитті алумен байланысты барлық төлемдер туралы және оған қызмет көрсетуге және оны өтеуге (қайтаруға) байланысты, сондай-ақ Шарттың микрокредит беру туралы талаптарының бұзуы туралы хабардар етеді, сондай-ақ микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелер орындалмаған жағдайда ықтимал салдарлар туралы.

16. Ломбардта микрокредит беру туралы шарт ҚР Азаматтық кодексінің 389-бабына сәйкес қосылу шартымен жасалады. Қосылу шартында қарыз алушы тұтастай қосылатын микрокредит беру туралы шарттың стандартты талаптары (бұдан әрі — стандартты талаптар, қосылу шарты) айқындалған.

16-1. Қарыз алушының стандартты талаптарды тұтастай қабылдауы және осыған сүйене отырып, Ломбард пен Қарыз алушы арасында қосылу шартын жасасу фактісін растау мақсатында Қарыз алушы микрокредит беру шартының жеке талаптарын айқындайтын және стандартты талаптарға сілтемесі бар кепіл билетіне (қосылу туралы өтінішке) қол қояды.

Бұл ретте қосылу туралы өтініш шарттың титулдық парағына теңестіріледі. Шарттың титулдық парағы шарттың бастапқы парақтары түрінде жазылады және ҚР ҰБ Басқармасының 29.11.2019 ж. № 232 қаулысымен бекітілген «Микрокредит беру туралы шартты, оның ішінде микрокредиттің толық құны (микрокредит бойынша артық төлем сомасы, микрокредиттің мәні), микрокредит беру туралы шарттың міндетті талаптары, сондай-ақ микрокредитті өтеу кестесінің нысандары туралы ақпаратты қамтитын шартты және оның бірінші бетін ұстауға, ресімдеуге қойылатын талаптарды жасасу тәртібіне» және оған енгізілген өзгерістерге сәйкес талаптарды қамтиды.

16-2. Стандартты шарттар мен кепіл билеті (қосылу туралы өтініш) бір-бірінің ажырамас бөлігі болып табылады және бірыңғай Шартты, кепіл билетін құрайды.

16-3. Тараптардың кепіл билетінде белгіленген барлық шарттарын, құқықтары мен міндеттерін, егер кепіл билетінде өзгеше көрсетілмесе, Тараптар стандартты талаптарда белгіленген шарттарға, құқықтар мен міндеттерге қосымша орындайды.

16-4. Микрокредит беру туралы шарттың стандартты талаптары өтініш берушілер мен клиенттердің танысуы үшін басып шығарылған түрде ломбардтың құрылымдық бөлімшелерінде орналастырылған.

17. Кепілдік билеті ҚР азаматтық заңнамасының талаптарын ескере отырып, жазбаша нысанда мәмілелер мемлекеттік тілде және/немесе орыс тілдерінде жасалады.

18. Барлық қажетті құжаттарға, Кепілдік билетті қоса алғанда, Ломбард Қызметкері мен Өтініш беруші қолдарын қояды және Ломбардтың мөрімен (ол ломбардтың филиалында, қабылдау пунктіне болған кезде) бекітіледі. Осы сәттен бастап Өтініш беруші Қарыз алушыға (Клиентке) айналады.

19. Кепілдік билеттің құрамына ҚР-ның заңнамасымен тиісті түрдегі шарттар үшін белгіленген, тараптардың келісімі бойынша анықталған талаптар, сондай-ақ мынадай міндетті шарттар енеді:

- 1) Кепілдік билетіне жалпы талаптар;
- 2) Клиенттің (Қарыз алушының) құқықтары;
- 3) Ломбардтың құқықтары;
- 4) Ломбардтың міндеттері;
- 5) Ломбардка қойылатын шектеулер;
- 6) міндеттемелерді бұзғандығы үшін тараптардың жауапкершілігі;
- 7) Кепілдік билетінің талаптарына өзгертулер енгізудің тәртібі;
- 8) өзге де шарттар.

20. Кепілдік билетіне Кепілдік билетінің екі тарапы да қолдарын қойған микрокредитті өтеу естесі қоса беріледі, ол Кепілдік билетте көрсетілген микрокредитті өтеу әдісі негізінде, негізгі борышты өтеу және сыйақы төлеу белгіленген кезеңділігімен құрылады. Микрокредитті өтеу естесін толтыру бойынша талаптар микрокредитті өтеу микрокредит мерзімінің соңында біржолғы өлеммен жүзеге асырылатын кепіл билетіне қолданылмайды.

21. Кепілдік билетке енгізілетін барлық өзгертулер мен толықтырулар жазбаша нысанда Кепілдік билеттің екі тарапының да қолдарын қойған қосымша келісімдерімен ресімделеді.

22. Кепіл билетіне (қосылу туралы өтінішке) қол қойып, қарыз алушы Шартты толық көлемде, ешқандай ескертулер мен қарсылықтарсыз оқығанын, түсінгенін, қабылдағанын және оған толығымен қосылғанын растайды.

23. Қарыз алушы және клиентпен Ломбард жасасқан кепіл билеті бойынша ақпарат Клиенттің келісімімен Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған шарттарда ҚР Ішкі істер органдарына беріледі (№1 қосымша).

24. Кепіл билеті жасалғаннан кейін Ломбард қызметкері клиенттің қатысуымен кепіл мүлкіне түргі соғады (степлердің көмегімен пломбалайды).

25. Берілген Кепіл билеті жоғалған жағдайда оның телнұсқасын беру, осы Ереженің 6-тармағында көрсетілген құжаттардың бірін ұсынуымен Клиенттің жазбаша өтініші бойынша жүзеге асырылады. Кепілдік билеттің телнұсқасын жеке басын куәландыратын құжаттар мен Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарына сәйкес ресімделген сенімхатты ұсынған кезде үшінші тұлғаларға берілуі мүмкін. Кепілдік билетінің телнұсқасын беру шарттары Ломбардтың ішкі құжатымен белгіленуі мүмкін. Кепілдік билетінің телнұсқасын беру кезінде оған Клиент пен Ломбард қызметкері қолдарын қояды.

26. Ломбардтағы бірінші Кепілдік билетіне Клиенттің қолы қойылған күннен бастап, Ломбардта кредиттік құжаттама қалыптастырылады, оның құрамына ҚР заңнамасымен және Ломбардтың ішкі құжаттарымен айқындалған құжаттар кіреді.

#### **4. БЕРІЛЕТІН МИКРОКРЕДИТТЕР БОЙЫНША СЫЙАҚЫ МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕРІНІҢ ШЕКТІ ШАМАЛАРЫ**

27. Қарыз алушы берілген микрокредитті пайдаланғаны үшін сыйақы төлейді.

28. Ломбард ұсынатын микрокредиттер бойынша мынадай мерзімдер мен сыйақылар белгіленеді:

Шарт	Сипаттама
------	-----------

1) микрокредиттер бойынша 45 АЕК дейін	<p>Максималды мерзім: 45 (қырық бес) күнтізбелік күнге дейін</p> <p>Минималды сыйақы мөлшерлемесі: 0% (нөл пайыз)</p> <p>Сыйақының максималды мөлшерлемесі: күніне 0,3% - дан аз (нөл бүтін оннан үш пайыз), бірақ ЖТСМ 179% - дан (жүз жетпіс тоғыз пайыз) аспайды</p>
2) микрокредиттер бойынша 45 АЕК астам	<p>Максималды мерзім: 365 (үш жүз алпыс бес) күн немесе 366 (үш жүз алпыс алты) күн</p> <p>Минималды сыйақы мөлшерлемесі: 0% (нөл пайыз)</p> <p>Сыйақының ең жоғары мөлшерлемесі: ЖТСМ 46% (қырық алты пайыз)</p>

29. Микрокредитті пайдаланғаны үшін ең төменгі және ең жоғары пайыздық сыйақы мөлшерлемесін Ломбард өз бетінше белгілейді және Ломбард құрылымдық бөлімшелерінің орналасқан жеріне, микрокредит беру (мереке қарсаңында және мереке күндері және т.б.) уақыты, микрокредиттердің ұсыну мерзімдері, берілетін микрокредиттердің мөлшері, қаржы нарығының жағдайына, кредит ресурстарына деген сұраныстың деңгейіне, табыстылық нормаларының қолайлылығына, Ереженің 28-тармағында көрсетілген нарық конъюнктурасының шегіне байланысты өзгертілуі мүмкін.

Микрокредиттер берудің минималды мерзімдері және микрокредиттердің минималды мөлшері ломбардтың ішкі нормативтік құжаттарында белгіленеді.

30. Микрокредитті өтеу және/немесе сыйақы төлеу бойынша міндеттемелерді уақтылы орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) мөлшерлемесі ломбардтың уәкілетті органы белгілейді және кепіл билетінде көрсетіледі.

Микрокредит сомасын қайтару және (немесе) кепіл билеті бойынша сыйақы төлеу бойынша міндеттемені бұзғаны үшін тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) мөлшері мерзімі өткен 90 (тоқсан) күн ішінде мерзімі өткен әрбір күн үшін мерзімі өткен төлем сомасының 0,5 пайызынан аспауға тиіс, мерзімі өткен 90 (тоқсан) күн өткеннен кейін мерзімі өткен әрбір күн үшін мерзімі өткен төлем сомасының 0,03 пайызынан аспауға тиіс мерзімі өткен әрбір күн үшін мерзімі өткен төлем сомасы, бірақ кепіл билеті қолданылған әрбір жыл үшін берілген микрокредит сомасының 10 (он) пайызынан аспайды.

Республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 45 (қырық бес еселенген) мөлшерінен аспайтын мөлшерде күнтізбелік қырық бес күнге дейінгі мерзімге микрокредиттер бойынша микрокредит сомасын қайтару және (немесе) микрокредит беру туралы шарт бойынша сыйақы төлеу бойынша міндеттемені бұзғаны үшін тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) мөлшері әрбір кешіктірілген күн үшін орындалмаған міндеттеме сомасының 0,3 (нөл бүтін оннан үш) пайызынан асуы мүмкін.

Бұл ретте, Ломбард негізгі борыш және (немесе) микрокредит бойынша сыйақы сомалары бойынша төлемдердің кез келгенін өтеу бойынша міндеттемені орындау мерзімін кешіктірудің қатарынан күнтізбелік 90 (тоқсан) күні өткеннен кейін есептелген сыйақыны, тұрақсыздық айыбын (айыппұлдарды, өсімпұлдарды) төлеуді талап етуге құқылы емес.

30-1. Республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 45 (қырық бес еселенген) мөлшерінен аспайтын мөлшердегі күнтізбелік қырық бес күнге дейінгі мерзімге микрокредиттер бойынша клиенттің кепіл билеті бойынша (микрокредит беру туралы шарт бойынша) көзделген сыйақы мен тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасын қоса алғанда, барлық төлемдері микрокредит нысанасын қоспағанда, кепіл билеті жиынтығында кепіл билеті қолданысының бүкіл кезеңі үшін берілген микрокредит сомасының жартысынан аспауға тиіс.

31. Бұрын берілген микрокредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерін өзгерту кепіл билетінің талаптарына сәйкес не Ломбард пен клиент арасында келісілген кепіл билетінің

шарттарын өзгерту жолымен жүргізілуі мүмкін.

## **5. БЕРІЛЕТІН МИКРОКРЕДИТТЕР БОЙЫНША СЫЙАҚЫНЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ**

32. Пайдалануға берілген қысқа мерзімді микрокредит үшін Клиент Кепілдік билетімен белгіленген көлемде және мерзімде сыйақы төлейді.

33. Берілген қысқа мерзімді микрокредитті пайдаланғаны үшін сыйақы мөлшерлемесі, микрокредиті беру мерзіміне қарамастан, жылына қайта есептеп көрсетіледі.

34. Микрокредитті пайдаланғаны үшін сыйақыны есептеу кезінде жылдың нақты күн санына тең: 365 (үш жүз алпыс бес) немесе 366 (үш жүз алпыс алты) күнтізбелік күн деп, ал күнтізбелік айдағы күн саны – тиісті айындағы күнтізбелік күн ішіндегі нақты күн санына тең деп қабылданады.

35. Микрокредитті пайдаланғаны үшін Клиенттің сыйақы төлеуі, Кепілдік билетке қоса беріліп отырған өтеу кестесіне сәйкес жүзеге асырылады.

36. Микрокредит бойынша төлемдерді өтеу мерзімдерін бұзғаны үшін Ломбард кепілдік билетте белгіленген мөлшерде микрокредит және/немесе ол бойынша мерзімі өткен берешек сомасынан мерзімі өткен күн үшін өсімпұл (айыппұл, тұрақсыздық айыбын) есептеуге құқылы. Бұл ретте оны есептеуді ломбард Микрокредит және/немесе сыйақы бойынша мерзімі өткен берешек басталған күннен кейінгі күннен бастап осы Қағидалардың 30-тармағында белгіленген шектеулерді ескере отырып, клиент берешекті өтеу сәтінде қоса алғанда мерзімі өткен берешекті толық өтеген күн бойынша жүзеге асырады.

37. Микрокредитті өтеудің негізгі мерзімі өткеннен кейін Ломбард микрокредитті пайдаланғаны үшін сыйақыны және/немесе Ломбардқа тиесілі сомаларды уақтылы өтемегені үшін өсімпұлды (айыппұлды, тұрақсыздық айыбын) есептеуге құқылы. Бұл ретте микрокредитті және/немесе өсімпұлды (айыппұлды, тұрақсыздық айыбын) пайдаланғаны үшін сыйақыны есептеу клиент микрокредитті және/немесе сыйақыны өтеу бойынша міндеттемелерді орындауды кешіктірген жағдайда клиент берешекті өтеген сәтте жүзеге асырылады.

37-1. Ломбард Клиентке Кепіл билетіне қосымша келісімде көзделген шарттарда төлемдерді өтеу бойынша кейінге қалдыруды ұсынған кезде Клиент микрокредитті және/немесе өсімпұлды (айыппұлды, тұрақсыздық айыбын) пайдаланғаны үшін сыйақыны есептеу клиент микрокредитті және/немесе сыйақыны өтеу жөніндегі міндеттемелерді орындауды кешіктірген жағдайда клиент берешекті өтеген сәтте не Клиент пен Ломбард арасындағы қосымша келісімде көзделген шарттарда жүзеге асырылады.

38. Егер негізгі борышты өтеу күні және/немесе микрокредит бойынша сыйақыны төлеу демалыс немесе мерекелік күнге түссе, онда Клиент тұрақсыздық айыбынсыз (айыппұл, өсімпұл) негізгі борышты және/немесе сыйақыны келесі жұмыс күні төлейді.

39. Кепілдік билеті бойынша Клиенттің төлем сомасы, егер ол Кепілдік билеті бойынша Клиенттің міндеттемелерін орындауға жеткіліксіз болса, онда берешектерді Клиент мынадай кезектілікпен:

- 1) сыйақы бойынша берешегін;
- 2) негізгі қарызы бойынша берешегін;
- 3) Кепілдік билетпен белгіленген көлемдегі тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл);
- 4) Ломбардтың орындау бойынша алу шығындарын өтейді.

## **6. ЛОМБАРД ҚАБЫЛДАЙТЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

40. Клиенттің Кепілдік билеті бойынша міндеттемелерді орындауы, ҚР-ның заңнамасында және Кепілдік билетімен көзделген тәсілдермен:

- тұрақсыздық айыбымен (айыппұл, өсімпұл);
- жеке пайдалануға арналған жылжымалы мүліктің кепілімен қамтамасыз етіледі.

41. Ломбард қабылдайтын қамтамасыз етуге қойылатын талаптар, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектеулердің шарттарын ескере отырып, ішкі нормативтік және Ломбардтың өзге де құжаттарымен (өкімдерімен, бұйрықтарымен) анықталады.

42. Ломбард кепілдікке келесі мүліктерді:

- 1) кымбат металдардан және асыл тастардан жасалған зергерлік және өзге де бұйымдарды;

- 2) алтын монеталар;
- 3) зергерлік бұйымдардың сынықтарын;
- 4) электртехникалық жабдықтарды;
- 5) ұялы байланыс құрылғыларын;
- 6) кепілге қабылдауға рұқсат етілетін өзге де жылжымалы мүлікті қабылдауға құқылы.

Ломбардтың кепілге қабылданатын мүлкінің тізбесі бөлек кеңейтілуі мүмкін: Ломбардтың ішкі құжағында. Мүліктің тізбесі түпкілікті болып табылмайды.

43. Қазақстан Республикасының 1994 жылдың 27 желтоқсанындағы Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының 1995 жылдың 12 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы", 2014 жылдың 7 наурызындағы "Оңалту және банкроттық туралы" және 2010 жылдың 2 сәуіріндегі "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі" заңдарына сәйкес, мыналарды Ломбардқа кепілге:

- 1) жылжымайтын мүлікті;
- 2) айналымнан алынған және айналымы шектелген заттарды;
- 3) тұтқындалған мүлікті;
- 4) үшінші тұлғалардың құқықтарымен ауыртпалық артылған мүлікті;
- 5) болашақта кепіл берушінің меншігіне түсетін мүлікті;
- 6) тез бұзылатын шикізаттарды, азық-түлік тағамдарын;
- 7) киімді, аяқкиімді, ішкі киімді, төсек орын жабдықтарын, пайдалануда болған асүй және асхана керек-жарақтарын, тері және басқа бағалы киімдерді, асханалық сервиздерді қоспағанда, қымбат бағалы металдардан жасалған, сондай-ақ көркемдік құндылығы бар заттарды;
- 8) балалардың керек-жарақтарын;
- 9) мүгедектердің жүруіне арналған арнайы көлік құралдарын, техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдар мен мүгедектердің арнаулы жүріп-тұру құралдарын;
- 10) халықаралық және мемлекеттік жүлделерді, мемлекеттік ордендерді, медальдерді және Қазақстан Республикасының құрметті атақтарының кеуде белгілерін;
- 11) бағалы металдар мен асыл тастары бар тұтас және жиынтық зергерлік бұйымдарды зергерлік бұйымдардың сынықтары ретінде қабылдауға жол берілмейді.

44. Ломбардтың қабылдайтын қамтамасыз етуіне қойылатын негізгі талаптарға кіретіндер, соның ішінде, мынадай шарттар мен талаптары, бірақ онымен шектелмейді:

- 1) кепіл заты Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына, Ломбардтың ішкі нормативтік құжаттарына сай болуы керек;
- 2) Клиенттің кепіл нысанына Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің нормаларына сәйкес тиісті құқығы (меншік құқығы) болуы керек. Мүлікке меншік құқығын тіркеу міндетті болған жағдайда, Клиент кепіл затының құқық белгілейтін/сәйкестендіру құжаттарының түпнұсқасын ұсынады. Міндетті тіркелуі болмаған жағдайда, меншік құқығы Клиенттің ауызша мәлідемесі бойынша белгіленеді;
- 3) азаматтық айналымнан шығарылған және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен пайдалануға тыйым салынған объектілер кепілге қабылданбайды;
- 4) кепіл нысаны ауыртпалықтардан және/немесе құқықтардан және/немесе үшінші тұлғалардың дәмеленуінен ада болуы тиіс;
- 5) кепіл заты өтімділікті, тиісті жай-күйінде болуы қажет.

45. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, мемлекеттік тіркеуге жататын кепіл мүлікі, осы мүлікті мемлекеттік тіркелуін жүзеге асыратын органда тіркелуі тиіс.

46. Кепілдік мүлкін Ломбардқа берген жағдайда, Ломбард кепілге алынған, мүліктің жоғалуына немесе бүлінуіне жауапты болады, егер мүліктің жоғалуына, сақталмауына немесе бүлінуіне орын алған еңсерілмейтін күштің салдары екенін (ҚР АҚ 328 бабы) дәлелдей алса, Ломбард жауапкершіліктен босатылады. Егер кепілдік мүлкін жоғалту немесе зақымдану үшінші тұлғалар жасаған ұрлықтың салдарынан, ереуілдер, жаппай тәртіпсіздіктер, халықтық әскери толқулар және т.б. салдарынан болса, Ломбард кепіл мүлкінің сақталуы үшін қажетті шараларды қамтамасыз ету қабылдаған жағдайда, Ломбард жауапкершіліктен босатылады.

47. Қарыз алушымен микрокредит сомасын қамтамасыз ету ретінде берілген кепіл мүлкін қайтару және (немесе) Қарыз алушы Кепілдік билеті бойынша өз міндеттемелерін, сыйақыны төлеуді орындамаған немесе тиісінше орындамағаны бойынша, оны соттан тыс тәртіппен өткізуді немесе микрокредитті өтеу мерзім өткеннен кейін кемінде бір айдан кейін сауда-саттықты өткізбей-ақ, Ломбард оны өндіріп алуға құқылы.

Микрокредит беру туралы шарттың (кепіл билеті) орындалуын қамтамасыз етуге жасалған ломбардтағы заттар кепілі туралы шарт бойынша кепіл нысанасын сатуға, сондай-ақ мұндай мүлікті ломбардтың меншігіне беруге қарыз алушының берешекті реттеу жөніндегі өтінішін ломбард қараған кезеңде «Микроқаржы қызметі туралы» ҚР Заңында белгіленген тәртіппен жол берілмейді.

## 7. БЕРІЛЕТІН МИКРОКРЕДИТТЕР БОЙЫНША СЫЙАҚЫНЫҢ ЖЫЛДЫҚ ТИІМДІ МӨЛШЕРЛЕМЕСІН ЕСЕПТЕУ ҚАҒИДАЛАРЫ

48. Клиенттің шығыстарын ескере отырып есептелетін, Ломбардка микрокредитті ұсыну, қызмет көрсету және өтеу (қайтару) үшін төлеуге жататын, олар бар болған кезде — комиссиялық және өзге де төлемдерді, сыйақыны қамтитын, микрокредит бойынша сыйақы мөлшерлемесі сенімді, жылдық, тиімді, салыстырмалы түрде есептелетін, Жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі болып табылады.

49. Микрокредит бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері, белгілі бір уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде анықталған шекті мөлшерден аспауға тиіс.

50. Берілетін микрокредиттер бойынша сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесін есептеу қағидаларын уәкілетті орган әзірлейді және бекітеді.

51. Жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін есептеу:

- 1) Кепілдік билеті жасалған күні, Кепілдік билетке қосымша келісімдер жасалған күні;
- 2) Клиенттің ауызша немесе жазбаша талаптары бойынша;
- 3) Кепілдік билетке қарыз алушының ақшалай міндеттемелерінің сомасын (мөлшерін) және (немесе) оларды төлеу мерзімін өзгертуге әкеп соқтыратын өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда жүргізіледі.

52. Ломбардтармен берілетін микрокредиттер бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі мына формула бойынша есептеледі:

мұнда: 
$$\sum_{j=1}^n \frac{S_j}{(1 + APR)^{j \cdot 365}} = \sum_{i=1}^m \frac{P_i}{(1 + APR)^{i \cdot 365}}$$

n - Қарыз алушыға берілген соңғы төлемнің реттік нөмірі;

j - Қарыз алушыға берілген төлемнің реттік нөмірі;

S<sub>j</sub> - Қарыз алушыға берілген j-нің сомасы;

APR - сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесі;

t<sub>j</sub> - Қарыз алушыға микрокредит беру сәтінен бастап j-ны төлеу күніне дейінгі уақыт (күндермен) кезеңі;

m - Қарыз алушының соңғы төлемінің реттік нөмірі;

i - Қарыз алушы төлемінің реттік нөмірі;

P<sub>i</sub> - Қарыз алушының i төлемінің сомасы;

t<sub>i</sub> - Қарыз алушыға микрокредит беру сәтінен бастап, оның i төлемін жасаған сәтіне дейінгі уақыт (күндермен) кезеңі.

53. Егер жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін есептеп алынған сан бір ондық белгіден артық санды көрсетсе, онда ол ондық белгіге дейін төмендегідей дөңгелектеуге жатады:

1) егер жүзден үлесі 5-тен көп немесе тең болса, оныншы үлесі 1-ге артады, одан кейігі барлық келесі белгілер алып тасталады;

2) егер жүзден үлесі 5-тен аз болса, онда оныншы үлес өзгеріссіз қалады да, одан кейігі барлық келесі оған белгілер алынып тасталады.

54. Микрокредит бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін есептеуге Қарыз алушының Кепілдік билеті бойынша негізгі борыш және (немесе) сыйақыларын төлеу шарттарын сақтамауына байланысты пайда болған (өсімпұл, айыппұл) төлемдерін қоспағанда, Қарыз алушының барлық төлемдері қосылады.

55. Қарыз алушының ақшалай міндеттемелерінің сомасын (мөлшерін) және оларды төлеу (немесе) мерзімінің өзгеруіне әкеп соғатын Кепілдік билетінің шарттарын өзгерту кезінде, нақтыланған жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін есептеу, Қарыз алушының Кепілдік билетінің қолданылу мерзімінің басынан бастап микрокредит өзгертін жағдайларды есепке алмағанда, микрокредит бойынша жүргізілген қалған төлемдерді өтеу күні бойынша берешектің қалдығын

негізге ала отырып жүргізіледі.

## 8. МИКРОКРЕДИТТИ ӨТЕУ ӘДІСТЕРІ

56. Алынып тасталды.

57. Ломбард есептеу кезінде микрокредиттерді өтеудің келесі әдістерін қолданады:

1) негізгі борыш пен кезең ішіндегі негізгі борыштың қалдығына есептелген сыйақыға тең сомаларды қамтитын төлемдерді, бұл кезде микрокредит бойынша берешекті өтеу азайтылған төлемдермен жүзеге асырылатын сараланған төлемдер әдісін;

2) аннуитеттік төлем әдісі, бұл кезде микрокредит бойынша берешекті өтеу жүзеге асырылады тең төлемдермен бүкіл мерзімі ішінде микрокредитті қамтитын ұлғайып отырған төлемдер бойынша негізгі борыш және азайтылатын төлемдер бойынша есептелген сыйақы үшін негізгі борыш қалдығы кезеңі. Бірінші және соңғы төлемдердің мөлшері бір-бірінен ерекшеленуі мүмкін;

3) бір жолғы әдіс, мұнда сыйақы және негізгі борыштың сомаларын өтеу мерзімінің соңында бір төлеммен;

4) қосымша әдіс, онда негізгі борышты өтеу мерзімнің аяғында, ал сыйақы микрокредит беру сәтінде жүзеге асырылады. Бұл ретте, микрокредитті мерзімінен бұрын өтеген жағдайда, Клиенттің микрокредитті нақты пайдалану күндерін қаперге алумен Ломбард сыйақыға қайта есептеу жүргізеді және микрокредитті пайдаланбаған мерзімінің ақша қаражаттарын қайтаруды (төленген сыйақы) жүзеге асырады.

58. Микрокредитті өтеу әдісі Кепіл билетінде және Кепіл билетінің ажырамас бөлігі болып табылатын микрокредитті өтеу кестесінде көрсетіледі. Бұл ретте, егер микрокредитті өтеу микрокредит мерзімінің соңында біржолғы төлеммен жүзеге асырылса, микрокредитті өтеу кестесі талап етілмейді.

59. - алынып тасталды.

## 9. КЕПІЛ ЗАТЫН ҚАЙТАРУ ТӘРТІБІ

60. Клиент Ломбардтың алдында өзінің міндеттемелерін Кепілдік билетке сәйкес орындағаннан кейін, Ломбард дереу кепіл затын қайтарады.

61. Ломбард Клиенттің өз міндеттемелерін орындаған сәтінде және жеке басын куәландыратын құжатын ұсынған кезде, кепіл мүлкі Клиентке қайтарады.

62. Клиент Кепілдік билеті бойынша өз міндеттемелерін орындамаған кезде, Ломбард Клиентке Кепілдік мерзімін ұсынады. Кепілдік мерзімі ішінде Ломбард кепілге салынған мүлкті өндіріп алуға құқығы жоқ.

63. Клиент Кепілдік мерзімі аяқталғанға дейін кез келген күні (немесе ол аяқталғаннан кейін, егер Ломбард мүлкті өткізіп жібермесе) Кепіл билеті бойынша туындаған міндеттемелермен Ломбард алдындағы барлық берешекті төлеген жағдайда, мүлкті қайтаруды талап етуге құқығы бар.

64. Кепіл мүлкті алу Кепіл билетіндегі тиісті жолына (кепілді қайтару туралы белгіге) Клиенттің қол қоюымен расталады.

65. Кепіл мүлкті Кепілдік билеті бойынша міндеттемелер тиісінше орындаған және ҚР-ның қолданыстағы заңнамасына сәйкес сенімхат ресімделген кезде үшінші тұлғаға алуға рұқсат етіледі.

## 10. ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ

66. Микрокредит ұсынуға өтініш беру, Кепілдік билетін жасасу кезінде Клиент Ломбардқа өзінің дербес деректерін жинауға, тексеруге және өңдеуге өзінің жазбаша (Ломбард одан алынған ақпараты мен құжаттарды), атап айтқанда, оларды жинауға, тексеруге, жүйелеуге, жинақтауға, сақтауға, нақтылауға (жаңартуға, өзгертуге), пайдалануға, жойылуына, оқшаулауға, жоюға, трансшекаралық беруге, қағаз жүзінде және электрондық тасығыштарда жүзеге асыруға келісімін береді.

67. Ломбардпен жойылуға тиіс жеке деректер:

1) деректерді сақтау мерзімі өткен соң, оларды белгілі бір мақсаттарда жинауға және өңдеуге қол жеткізген күнінен соң;

2) Клиент пен Ломбард арасындағы құқықтық қатынастар тоқтаған кезде (ескіру мерзімінің

аяқталуы);

3) сот шешімі заңды күшіне енген кезде;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге жағдайларда жойылады.

68. Клиент оның дербес деректерін жинауға және өңдеуге келісімін қайтарып алу туралы жазбаша өтінішін жіберген жағдайда, Клиент Кепілдік билеті бойынша барлық міндеттемелерін орындағаннан кейін ғана берген дербес деректерді жинау және өңдеу тоқтатылады.

69. Қазақстан Республикасының заңнамасында жағдайларды қоспағанда, Клиенттерге микрокредиттер беру операциялары туралы ақпараттық құпияны сақтауға Ломбард кепілдік береді.

70. Микрокредит беру құпиясы Клиент туралы мәліметтерді микрокредиттер мөлшері туралы, Кепілдік билеттің өзге де Клиентке қатысты, микрокредит беру және операциялары туралы жағдайларды қамтиды (осы Қағиданы қоспағанда).

71. Микрокредит беру құпиясы тек Клиентке ғана, кез келген үшінші тұлғаға Клиенттің жазбаша келісімі негізінде, ҚР-ның қолданыстағы заңнамасына сәйкес, Ломбардта, микрокредиттер беру бойынша кредиттік бюроға оның жеке қатысуы кезінде, сондай-ақ Заңының 21-бабында көрсетілген тұлғаларға ашылуы мүмкін.

## 11. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

72. Функционалдық міндеттері бойынша микрокредиттермен жұмыс істейтін Ломбардтың қызметкерлері осы ережемен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының микроқаржылық ұйымдарының әрекетін реттейтін талаптарды егжей-тегжейлі танысып алулары тиіс.

73. Ломбард біржақты тәртіппен осы Ережеге өзгертулер мен толықтырулар енгізе алады.

74. Осы Ережеге енгізілетін кез келген өзгертулер мен толықтыруларды Ломбардтың Қатысушысы (-лары) бекітеді.

75. Егер осы Қағиданың жекелеген нормалары Қазақстан Республикасының заңнамасымен қайшылыққа және/немесе Ломбардтың Жарғысымен қайша келсе, олар күшін жояды және Қазақстан Республикасының заңнамасының тиісті нормалары қолданылады. Осы Қағиданың жекелеген нормаларының жарамсыздығы, жалпы басқа да нормалар мен Ережелердің жарамсыздығына әкеп соқпайды.

76. Осы Ережелермен реттелмеген мәселелер, Ломбардтың ішкі құжаттарына, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, сондай-ақ қаржы рыногындағы кәсіби қызметтің жалпыға бірдей қабылданған стандарттарына сәйкес шешілуге тиіс.

77. Осы Қағидалар 2025 жылғы 9 ақпан бастап қолданысқа енгізіледі.

«Ломбард Сандық» ЖШС  
Бас директоры



Жамантаева А.А.

«Ломбард Сандық» ЖШС-ның  
Басшысына

Субъектінің кредиттік тарихқа келісімі:  
өзі туралы кредиттік бюроға және ішкі істер органдарына ақпаратты беруге, кредиттік есепті алушыға кредиттік есепті және ішкі істер органдарына дербес деректерді жинауға және өңдеуге ұсынуға

Мен, \_\_\_\_\_ (Т.А.Ә. толықтай), ИИН \_\_\_\_\_  
- «Ломбард Сандық» ЖШС-не бұл туралы ішкі істер органдарына ақпарат беруге және кредиттік есеп беруді және жеке тұлғалардың мемлекеттік деректер қорынан (бұдан әрі – Жеке тұлғалардың мемлекеттік деректер базасы) мәліметтерін, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте алынатын мәліметтерді беруге келісім береді. болашақта, несиелік есепті алушыға және ішкі істер органдарына;

/Клиенттің Т.А.Ә., жеке қолы/

«Ломбард Сандық» ЖШС \_\_\_\_\_ /Сарапшы-бағалаушы Т.А.Ә., жеке қолы/

« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 202\_\_ ж.

«Ломбард Сандық» ЖШС-ның  
Басшысына

### Микрокредит ұсынуға өтініш

Мен, \_\_\_\_\_ (Т.А.Ә. толықтай), « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ ж. туған,  
ЖСН \_\_\_\_\_, жеке басты куәландыратын құжат: \_\_\_\_\_,  
№ \_\_\_\_\_ берілгені \_\_\_\_\_ « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ ж. тұратын жерім (егер тіркеуге сәйкес келсе толтырылмайды): \_\_\_\_\_, заңды мекенжайым (тіркелген жерім): \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_, телефоным: \_\_\_\_\_

маған \_\_\_\_\_ ( \_\_\_\_\_ ) 45 АЕК-ке дейін/45 АЕК-тен жоғары теңге мөлшеріндегі микрокредитті \_\_\_\_\_ ( \_\_\_\_\_ ) календарлық күн мерзіміне ұсынуды сізден сұраймын, микрокредитті пайдалану мақсатым: мақсатсыз, микрокредитті уақтылы және толық өтеу мен сыйақыны төлеуді қамтамасыз ету ретінде мыналарды ұсынамын: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (мүліктің атауы мен тізбесі).

Бағалану сомасы: \_\_\_\_\_ ( \_\_\_\_\_ ) теңге.

\_\_\_\_\_ « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 202\_\_ ж.  
/ Т.А.Ә., қолы/

Ақпаратты алғаннан кейін және микрокредит беру шарттарымен, микрокредит беру қағидаларымен, өз құқықтары мен міндеттерімен, өз міндеттемелерін орындамау салдарымен (өсімпұл, кепілді іске асыру) танысқаннан кейін, микрокредитті өтеу кестелерінің ұсынылған жобаларын сараланған төлемдер, аннуитеттік төлемдер әдісімен, біржолғы, қосымша әдістермен қарап және танысқаннан кейін, микрокредитті қосымша әдіспен өтеу кестесімен жылдық \_\_\_\_\_ % сыйақы мөлшерлемесімен, ЖТСМ \_\_\_\_\_ %, артық төлем сомасымен \_\_\_\_\_ теңге ұсынылған шарттарда 45 АЕК-ке дейін/45 АЕК-тен жоғары микрокредит алуға, орыс тілінде Кепіл билетін жасасу туралы шешім қабылдадым

« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 202\_\_ ж. / Т.А.Ә., қолы/

*Орыс тілінен қазақ тіліне аударған Садвакасова Анель Аскаровна*